

Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған қаржылық тұрақтылық нормативтерін есептеу тәртібі туралы нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 30 шілдедегі N 112 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 29 тамызда тіркелді. Тіркеу N 359. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1998.11.25. N 17 ~ V980663 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
қ а у л ы е т е д і :

1. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған қаржылық тұрақтылық нормативтерін есептеу тәртібі туралы нұсқау бекітілсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы осы нұсқауды екі күн мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеуге ұсынсын.

3. Осы нұсқаудың орындалысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы атқарушы аппаратының рынокты реттеу басқармасына жүктелсін.

4. Осы нұсқау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген сәттен бастап осы Нұсқау күшіне енгізілгенге дейін алынған лицензиялар негізінде бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілетін 2-тармағының ережелерін және 1998 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енгізілетін 3-тармақтың ережелерін қоспағанда, күшіне енеді.

Ұлттық комиссиясының
Төрағасының м.а.

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ
1997 жылғы 26 маусымдағы
N 91 қаулысымен бекітілді

Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған қаржылық тұрақтылық нормативтерін есептеу тәртібі туралы нұсқау

1. Осы Нұсқау "Бағалы қағаздар туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының N 77-1 Заңына "Лицензиялау туралы" Заң күші бар 1995 жылғы 17 көкектегі Қазақстан Республикасы Президентінің N 2200 Z952200_ Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 293 P970293_ қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті лицензиялау туралы ережеге сәйкес әзірленді, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті (бұдан әрі - брокер-дилер) жүзеге асыратын заңды тұлғалардың қаржылық тұрақтылығы жөніндегі талаптарды белгілейді.

Осы нұсқаудың ережелері банкілерге және банктік емес мекемелерге қолданылмайды.

2. N1 қаржылық тұрақтылық нормативі брокер-дилерлердің баланстардың өтімділігін ұстап тұру мақсатында есептеледі және мынадай жолмен айқындалады:

N 1 = Л А - Т О ,

бұл жерде ЛА - мыналар енгізілген активтер:

а) жер, үй-жайлар мен ғимараттар, машиналар және құрал-жабдықтар енгізілетін жеке негізгі қаражаттардың баланстық құнының 20%-, жіктелуге сәйкес негізгі қаражаттардың басқа да түрлері, сондай-ақ аяқталмаған күрделі құрылыс;

б) тек мынадай бөліктердегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар:

дисконт мөлшерлемесінің 5%-ін есептегенде ескерілетін мемлекеттік бағалы қағаздар;

дисконт мөлшерлемесінің 5%-ін есептегенде ескерілетін депозитарлық сертификаттар;

ұйымдасқан рыноктағы саудаластыққа жіберілген тізімге енгізетін, дисконт мөлшерлемесінің 20%-імен ескерілетін бағалы қағаздар; S&P немесе ;Mjdy s компаниялары қабылдағандардан төмен болмайтын рейтингі (BB) бап шетелдік мемлекеттердің дисконт мөлшерлемесінің 10%-ін есептегенде ескерілетін мемлекеттік бағалы қағаздары;

Нью-Йорк қор биржасында, Лондон қор биржасында, Токио қор биржасында сатылатын, дисконт мөлшерлемесінің 20%-ін есептегенде ескерілетін бағалы қағаздар;

Ресей Федерациясының ұйымдасқан рыноктарында сатылатын, дисконт мөлшерлемесінің 30%-ін есептегенде ескерілетін бағалы қағаздар;

в) ұзақ мерзімді дебиторлық борыштың 20%-і және есеп беру күнінен бір жыл ішінде алынатын дебиторлық борыштың 30%-і;

г) болашақ кезеңдердің ұйымдасқан рыноктарға қайтарылатын кепілденген жарналар бөлігіндегі шығындар;

д) ақшалай қаражаттар.

ТО - мыналар құрамына енгізілген ағымдағы міндеттемелер:

а) қысқа мерзімді кредиттер және овертрафт;

б) ұзақ мерзімді кредиттердің ағымдағы бөлігі;

в) кредиторлық борыш;

г) төлеуге есептелген шығындар;

д) болашақ кезеңдердің кірістері;

е) әлдеқалай жағдаяттар бойынша есептелген төлемдер.

Н1 қаржылық тұрақтылығы нормативінің мәні мыналардан кем болмау керек:

а) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығын иеленген брокер-дилер үшін 30 000 есепті көрсеткіш;

б) клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокер-дилер үшін 6000 есепті көрсеткіш.

3. Брокер-дилердің міндеттемелерінің оның Н1 қаржылық тұрақтылығына қатынасы:

$$N1 = \frac{O}{N1}$$

бұл жерде, O - құрамында мыналар көрсетілген ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасы:

а) қамтамасыз етілген кредиттер;

б) қамтамасыз етілмеген кредиттер;

- в) негізгі шаруашылық жүргізуші серіктестіктер мен оның төл серіктестіктері бір-біріне беретін кредиттер;
- г) кейінгі қалдырылған кредиттер;
- д) қысқа мерзімді кредиттер және овердрафт;
- е) кредиторлық борыш;
- ж) төлеуге есептелген шығындар;
- з) болашақ кезеңдердің табыстары;
- и) әлдеқалай жағдаяттар бойынша есептелген төлемдер.

Н2 нормативінің мәні мыналардан аспау керек:

- 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін - 50,0;
- 1999 жылдың 1 қаңтарына дейін - 40,0;
- 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін - 30,0;
- 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін - 20,0.

4. Н1 және Н2 қаржылық тұрақтылық нормативтерін брокер-дилерлер күн сайын есептейді және белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен болмау керек.

5. Н1 және Н2 қаржылық тұрақтылық нормативтерінің есептері БҚҰК тоқсан сайын еркін нысанда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есеп берушілікпен бірге беріледі.

6. Нормативтер мөлшерлерінің БҚҰК белгілеген талаптарға сәйкессіздігі туындаған жағдайда брокер-дилер бір күн ішінде факт және осы сәйкессіздіктің себептері туралы осы себептерді жоюдың жоспарын қоса беріп БҚҰК хабарлауға м і н д е т т і .

7. Нормативтерге қойылатын белгіленген талаптар бір рет орындалмағанда БҚҰК брокер-дилердің лицензиясының күшін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқықты.

8. Нормативтердің талаптары жүйелі түрде бұзылғанда (күнтізбелік тоқсан ішінде екі және одан да көп) БҚҰК брокер-дилердің лицензиясын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқықты.